

Мәслихаттың 2024 жылғы 21 мамырдағы № 88 "Жангелдин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2025 жылғы 20 наурыздағы № 137 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 31 наурызда № 10410-10 болып тіркелді

Жангелдин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Жангелдин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 21 мамырдағы № 88 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10216-10 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы 6 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсанына бір рет Қағидаларға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүгінеді.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А. Ержигитова